

Джолдыбаева У.М.¹ Абикенова Г.Е.²

¹*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты*

²*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты*

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ШЫҰ АЯСЫНДА ШЕШІЛУІ

Аңдатпа

Мақалада Орталық Азия мемлекеттерінің қауіпсіздігі мәселелерінің ШЫҰ аясында шешілуі қарастырылады. Сонымен қатар Азия аймағындағы іргелі құрылым – Шанхай ынтымақтастық ұйымының халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлі және Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттерінің ұйымға қатысуы мәселелері қарастырылады. Қазақстан үшін ШЫҰ-на қатысу оның геосаяси ұстанымын нығайтуда маңызы зор. Қазіргі кезде қауіп-қатерлерге жеке-дара қарсы тұру мүмкін емес болғандықтан, Орталық Азия мемлекеттері аймақта орнықтылық, тұрақтылық және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге талпыныс білдіруде және бұл мүдделі елдер біріктіріп күш жұмсауын қажет етеді.

Тірек сөздер: халықаралық қатынастар, Қытай, Шанхай, ұйым, мемлекеттер, Орталық Азия, қауіпсіздік.

Joldybaeva U.M.¹ Abikenova G.E.²

¹*Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of History of Kazakhstan KazNU named after Al-Farabi*

²*Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of History of Kazakhstan KazNU named after Al-Farabi*

KAZAKHSTAN'S COOPERATION WITH THE SCO MEMBER STATES AND ITS IMPACT ON INTEGRATION PROCESSES IN THE REGION

Abstract

The article examines the role of international cooperation in the system one of the most basic structures in the Asian region – the Shanghai Cooperation Organization, as well as the participation in the organization of Kazakhstan and the Central Asian states. Kazakhstan participated in the SCO is important in terms of strengthening its geopolitical orientation. Since it is currently impossible to stand alone against the global challenges of time, the Central Asian states have expressed the desire for sustainability, stability and security in the region, which requires the joint efforts of the countries concerned.

Keywords: international relations, China, Shanghai, organization, states, Central Asia, safety.

Джолдыбаева У.М.¹ Абикенова Г.Е.²

¹*кандидат исторических наук, доцент кафедры история Казахстана КазНУ им. Аль-Фараби*

²*кандидат исторических наук, доцент кафедры история Казахстана КазНУ им. Аль-Фараби*

РЕШЕНИЕ ПРОБЛЕМ БЕЗОПАСНОСТИ ЦЕНТРАЛЬНОАЗИАТСКОГО РЕГИОНА В РАМКАХ ШОС

Аннотация

В статье рассматриваются решение проблем безопасности центральноазиатского региона в рамках ШОС. Также роль в системе международного сотрудничества одной из самых основных в Азиатском регионе структур – Шанхайской организации сотрудничества, а также вопросы участия в данной организации Казахстана и государств Центральной Азии. Для Казахстана участие в ШОС важно с точки зрения укрепления своей геополитической направленности. Поскольку в настоящее время невозможно в одиночку противостоять глобальным вызовам времени, центральноазиатские государства выражают стремление к обеспечению устойчивости, стабильности и безопасности в регионе, что требует объединения усилий заинтересованных стран.

Ключевые слова: международные отношения, Китай, Шанхай, организация, государства, Центральная Азия, безопасность.

Орталық Азия мемлекеттері Кеңес Одағы ыдыраған соң әлемдік сахнада халықаралық қатынастар субъектісі ретінде сыртқы мемлекеттермен жоғары дәрежеде мемлекетаралық байланыс орнатқаны мәлім. Жаңа кезеңге қадам басқан кезден-ақ, геосаяси әрі геоэкономикалық сипатына сәйкес бұл аймақ әлемдік қауымдастықтағы мемлекеттер ішіндегі стратегиялық маңыздылығы артты. Өңірдегі елдердің тиімді географиялық орналасуы көршілес мемлекеттермен тығыз қарым-қатынастар орнатуға қолайлы болып табылады. Сондай-ақ, аймақ мемлекеттерінің (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан) геосаяси тұрғыдан Қытай Халық Республикасымен шекаралас болуы - қарым-қатынастың маңызды факторы бола алады. ШЫҰ аясында Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Қытай мен Ресей мемлекеттерінің шекаралық аудандарында әскери күштерді қысқартудың негізін қалағаны белгілі. Орталық Азия мемлекеттері басшылары 1996-1997 жылдары «Шекаралық аудандарда әскери салада сенімді нығайту туралы» және «Шекаралық аудандарда әскери күштерді қысқарту туралы» келісімдерге қол қойды [1]. Орталық Азия елдеріне қатысты Қытай саясатындағы ортақ қағидаттар, ұстанымдар мен ерекшеліктерді де ескерген жөн. Дүние жүзіндегі озық Қытай экономикасы 1979 жылы басталған реформалар нәтижесінде зор табыстарға жетуде. Белгілі америкалық саясаткер: «Қазірдің өзінде Қытай мемлекеті геосаяси жағынан құрлықтағы ықпалды мемлекеттер қатарында тұрғаны мәлім. Оның шекаралас елдермен салыстырғанда әскери және экономикалық қуаты әлдеқайда жоғары. Сондықтан да, Қытай өзінің тарихи, географиялық, экономикалық талаптарына байланысты аймақтағы ықпалын арттыра түсері анық», - деп елдің аймақтық әрі әлемдік тұрғыдан танылуына назар аударады [2]. Ынтымақтастық орнату мақсатында тараптар арасындағы байланыстардың ұзақ мерзімді тату көршілік және достық негізде құрылуының мәні зор. Қытай мен Орталық Азия саясатындағы ең өзекті мәселе - өңірдегі саяси қауіпсіздікті сақтау екені де баршаға аян. Аймақ мемлекеттері қауіпсіздігі мен тұрақтылықтылығын сақтауда 1996 жылы құрылған халықаралық «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының» құрылуы маңызды. Мемлекет басшыларының алғашқы кездесуі Қытай Халық Республикасының Шанхай қаласында өткендіктен, «Шанхай бестігі» деген атауға ие болды. ШЫҰ-ның алғашқы құрылтайшылары ретінде Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Ресей және Тәжікстан мемлекеттері енгені мәлім. ОА аймағы мемлекет басшылары Шанхай мен Мәскеу қалаларында 1996 жылы өткен кездесуде шекара аумағында әскери сенім шараларын күшейту, шекарадағы әскери іс-қимылды қысқарту және сенім шараларын күшейту келісімдеріне қол қойды. Мемлекеттердің кездесу ауқымы кеңейіп, тараптар саяси, қауіпсіздік, сыртқы байланыс, экономика және сауда салаларында екіжақты және көпжақты келісімдер негізінде тиімді өзара әріптестік дәрежесіне көтерілді. Шанхай ынтымақтастық ұйымы өткен жиырма жыл ішінде ауқымды іс-шаралаар атқарып, бүгінде табысты халықаралық ұйымға айналды. Ұйым құқықтық жағынан халықтың 40%-ы шоғырланған ауқымды кеңістікте өзара сенім мен ынтымақтастық құралы бола білді.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың: «ШЫҰ көпқырлы сауда-экономикалық ынтымақтастық пен гуманитарлық байланыстарды дамытуда үлкен әлеуетке ие. Оның үстіне «алтылық» орналасқан аймақтағы геосаяси ахуал бірінші кезекте көлік әлеуетін пайдалануда тиімділігімен ерекшеленеді», - деген пікірі орынды [3]. 1998 жылғы Алматы кездесуі, 1999 жылғы Бішкек кездесуі, 2000 жылғы Душанбе кездесуі нәтижесінде қабылданған Декларациялар мемлекеттердің әр саладағы ынтымақтастығының тереңдей түскеніне көз жеткізуге болады. Қазіргі кезде ШЫҰ шеңберіндегі әріптестік қоғамдық өмірдің түрлі саласында (қауіпсіздік, көлік, мәдениет, төтенше жағдайлардың алдын алу, олардың салдарын жою; құқық қорғау қызметі және т.б.) мәселелерді қамтып отыр. Қазақстанның ШЫҰ-ға мүше мемлекеттермен тең дәрежедегі сұхбатқа мақсатты түрде қатысуы еліміздің аймақтағы ұстанымын молайтып, ұйымның қағидаттарына сәйкес мемлекетаралық өзара сенімділік пен түсіністікті нығайтуға зор үлес қосады. Өңірдегі ынтымақтастықтың болашақтағы бастамалары мен жобаларын аса белсенділікпен жүзеге асырудағы мемлекеттің қызметі зор. Қазақстан Республикасының 1996 жылдан ұйым аясында ұйымдастырылған өзара іс-қимылдары, соның ішінде лаңкестікке қарсы әскери жаттығулардың, ғылыми конференциялар мен форумдардың тұрақты әрі белсенді қатысушысы ретінде ШЫҰ құқықтық базасының нығаюына өз үлесін қосуда. Сондай-ақ, еліміз 2006 жылы Бейжін қаласындағы лаңкестікке қарсы құрылған ШЫҰ хатшылығының және Ташкент қаласындағы Өңірлік атқарушы комитеті жанындағы тұрақты өкілдікті құрған алғашқы мемлекет болғанын айта кеткен жөн. «Шанхай бестігінің» бес жылдығына орай, 2001 жылдың маусым айында ШЫҰ-на қатысушы мүше-мемлекеттерінің басшылары мен Өзбекстан Республикасының Президенті И.Кәрімов Шанхай қаласында кездесті. Бұл кездесуде Өзбекстан мемлекеті ұйымға мүше болып кірді. Атқарылған іс-шаралар нәтижесінде «Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымы» деген атауға ие болды [4]. Ал 2001 жылдың 14 қыркүйегінде Алматыда алты мемлекет басшыларының алғашқы кездесуі өткізіліп, онда аймақтық экономикалық ынтымақтастық мәселелері қозғалды. Кездесу нәтижесінде ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер үкіметтері аймақтық экономикалық ынтымақтастықтың негізгі міндеттері мен бағыттары айқындалған Меморандумға қол қойды. Құжатта аймақтағы ең іргелі құрылым – Шанхай ынтымақтастық ұйымының халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлі қатысушы мемлекеттердің саяси, экономикалық және әскери әлеуетімен айқындалады.

Бүгінде Ұйым аясында 2003 жылы қабылданған көпжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы және оны іске асыру жоспарында тауарлар мен капиталдың, қызмет көрсету мен технологиялардың еркін қозғалысына септігі тиетін 11 сала бойынша 127 жоба жүзеге асырылуда. Қауіпсіздік мәселелері негізінде құрылған Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы экономикалық бағытта ілгері жылжып, халықаралық қатынастарда зор беделге ие ұйымға айналып отыр. ШЫҰ кеңістігі азиялық та, еуропалық та

күрлықты қамтиды. Ұйымға мүше мемлекеттердің халқы әлемнің жартысын құрап, аймақтың бай табиғи қоры мен ауқымды рыногы Ұйымның жедел дамуына игі ықпалын тигізери даусыз. Сондықтан, біз бұл ұйымның жұмысына барынша белсенді қатысуға мүдделіміз. Қазақстан Республикасы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше болу оның сыртқы саясатындағы басты міндеті деп біледі, себебі ұйым аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде мол үлес қосатын бірден-бір қабілетті құрылым болып табылады. Қазақстан өзге тараптардың қарауына энергетика, көлік, телекоммуникация және агроөнеркәсіп кешеніне қатысты 20-ға жуық жобаны ұсынды. Бұл орайда қоршаған ортаны қорғау мен Орталық Азия өңірі үшін күрмеуі қиын болып тұрған су қорларын пайдалану мәселелеріне де баса көңіл бөлінгенін айта кеткен жөн [5].

ШЫҰ-на мүше елдер басшыларының 2005 жылғы шілде айында Астана қаласында өткен кездесуі маңызды. Онда Ауғанстандағы жағдайдың тұрақтануына сәйкес әскери инфрақұрылым объектілерін Қырғызстан мен Өзбекстан мемлекеттерінен шығару қарастырылды, яғни Қытай Орталық Азия елдерімен ШЫҰ шеңберінде ықпалдастықты нығайта беретінін аңғарамыз [6].

Сонымен қатар ШЫҰ аясында мүше мемлекеттер аталған негізгі қағидаттарды ұстанатындығын жариялады. Олар қатарында: БҰҰ-ның мақсаттары мен принциптерін ұстану; тәуелсіздікті, егемендікті, аумақтық тұтастықты сақтау, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, өзара күш қолданбау; Ұйымға мүше мемлекеттердің тең құқылы болуын қадағалау; барлық мәселелерді өзара кеңесу арқылы шешу; басқа мемлекеттерге немесе ұйымдарға қарсы бағытталған одақтарға бірікпеу; басқа мемлекеттермен және аймақтық ұйымдармен әртүрлі сұхбатқа, пікір алмасуға жүгіну, әріптестікте ашықтық көрсету көзделген. Сол себепті, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің көпқырлы сауда-экономикалық ынтымақтастығы бағдарламасына қол қойылып, келешек жылдарға арналған ұзақ мерзімді экономикалық қарым-қатынастар іргетасы қаланып, бағдарламаның негізгі міндеттері және оларды жүзеге асыру тетіктері қарастырылып, Ұйым Декларациясы жарияланды. Аталған құжатта: «Шанхай ынтымақтастық ұйымын» құру ұйымға мүше мемлекеттердің сырттан төнетін не төнген қауіп-қатерлерге қарсы тұру, өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалану және өзара әріптестікті нығайту мақсатында айқындалды. «ШЫҰ хартиясы» мен «Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру жөніндегі Декларацияға» сәйкес ұйымның негізгі мақсаттары белгіленді. Ұйымға мүше-мемлекеттер арасында өзара сенім, достық, тату көршілік қарым-қатынастарды нығайту; саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, білім беру, энергетика, көлік, экология т.б. салаларда тиімді әріптестік шараларын дамыту; ортақ күш біріктіру арқылы аймақтағы бейбіт өмірді, қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз ету, демократиялық, әділ әрі ұтымды саяси, экономикалық халықаралық тәртіп орнатуға жағдай жасау болып табылады. Бүгінде ШЫҰ бірқатар күрделі мәселелерді шешуге белсене қатысып шекаралық мәселелер анықталып, мемлекетаралық қарым-қатынастарды тұрақты реттеуші Форум құрылды. Сонымен бірге әлемдік тәжірибеде сенім шаралары жөніндегі уағдаластық және шекаралық мәселелерді шешуде қарулы күштерді қолдануды шектеу мемлекеттер тарапынан үлкен қолдауға ие болды. Қытайдың Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстанмен шекаралас аймақтарында сенім шараларын бекемдеу мен қарулы күштер қолдануды шектеу жөніндегі келіссөздері Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасын делимитациялау және демаркациялау процестерімен, сондай-ақ талас туғызатын аудандарға қатысты проблемаларды шешумен тығыз байланысты болды. Бұл - Қазақстан мен Қытай арасындағы шекарааралық мәселелерін реттеуге мол мүмкіндіктер беруде. Қарым-қатынастарды нығайтудың көпқырлылығы қазіргі қоғам дамуының ортақ тенденциясы болып табылады және халықаралық жағдайдың тұрақтылығына зор ықпалын тигізери сөзсіз [7]. Мемлекетер үкімет басшыларының Пекин қаласында 2003 жылдың 23 қыркүйекте өткен кездесуінде экономикалық ынтымақтастықты қарқынды жүргізу жөнінде стратегиялық шешім қабылданды. «Экономика саласында біз атқаруға тиісті шаралар мынадай: қазіргі қолданылып жүрген экономикалық аймақты нығайту; Ортаазиялық даму банкінің рөлі мен мәртебесін көтеру; көпсалалық кедендік одақ құру; ауылшаруашылығының ортақ нарқын құру; бірыңғай сыртқы экономикалық саясат жүргізу; бірыңғай транспорт жүйесін құру; үш жақты ұлтаралық компанияларды нығайту; бірыңғай валюта жүйесін құру» [8].

Бүгінде Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастықтың тамаша үлгісі болып саналады. ШЫҰ-ның 2004 жылы 15 қаңтардан Пекин қаласындағы Хатшылығы өз жұмысын бастаған болатын. Жыл өткен сайын ШЫҰ ынтымақтастықтың жаңа салаларын қамтуы нәтижесінде 2006 жылы Ұйымға мүше мемлекеттердің Парламенттері мен Жоғарғы сот басшыларының, білім министрлерінің алғашқы кездесуі өтті. Энергетика саласында да өзара әріптестік нығайып, экономика, сауда, көлік пен коммуникация салалары мен мәдениет министрлігі басшылары кездесулері - Шанхай ынтымақтастық ұйымының маңызды іргелі өңірлік құрылымға айналып отырғанының көрінісі. Сонымен қатар 2004 жылы - ШЫҰ БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы бақылаушы ұйымы мәртебесіне ие болды, ал 2005 жылы - ТМД мемлекеттері хатшылықтарында өзара түсіністік жөніндегі Меморандумы қабылданды. Ұйымға мүше мемлекет басшылары 2007 жылғы 16 тамызда Бішкек қаласында өткен Саммитте мемлекеттердің ұзақ мерзімді тату көршілік, достық және ынтымақтастық жөніндегі Шартқа қол қойды. Аталған жиында мемлекеттердің көшбасшылары «Бішкек декларациясын» қабылдап, ШЫҰ-на мүше мемлекеттердің халықаралық ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі іс-қимыл жоспарларын бекітті. Астана қаласында 2005 жылы 5 шілдеде ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының кезекті Саммитінде «Астана мәлімдемесі» жасалды. Шанхай Саммитінде 2006 жылғы 15 маусымда Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер аумағында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру мен оны өткізу тәртібі жөнінде және 2007-2009 жылдарға арналған ШЫҰ-ға мүше-мемлекеттердің терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күреске бағытталған бағдарлама қабылдаған болатын.

Соңғы жылдары ШЫҰ-ның ТМД және Еуроодақ құрамындағы мемлекеттер арасындағы халықаралық дәрежедегі қатынастары нығайып, оның қызметіне БҰҰ-ның Даму Бағдарламасы, Ұлттық Қауіпсіздік Шарты

Ұйымына мүше мемлекеттер де зор ынта білдіруде. ШЫҰ аясында білім, мәдениет, туризм және спорт салаларында өзара ықпалдастық шаралары жүргізілуде. Бұл тұрғыда Қазақстанның Шанхай ынтымақтастық ұйымына қатысу мәртебесіне ие болғанын айтқан жөн. Бүгінде ШЫҰ - әлемдегі халықаралық ынтымақтастыққа бағытталған ашық ұйым ретінде танылып, Қазақстан Республикасы ұйымға мүше мемлекеттермен ынтымақтастығын аймақтық интеграцияның тиімді құралы ретінде бағалап, оны сыртқы саясаттағы басымдықтардың бірі ретінде қарастырады. Ұйым беделінің артуына ШЫҰ-на қосылуға ниет білдірген елдер қатарының толастамай отырғаны және Монғолияның 2004 жылғы маусымда өткен Ташкент Саммиті барысында бақылаушы ел мәртебесіне ие болғаны айғақ бола алады. Бүгінгі таңда Ұйымға мүшелікке Пәкістан мемлекеті енді және Ауғанстан, Үндістан, Түркия, Иран, ЕО мемлекеттері, АСЕАН және ТМД елдері қызығушылық танытуда.

Қазіргі кезде қауіп-қатерлерге жеке-дара қарсы тұру қиындығынан Орталық Азия мемлекеттері аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге талпыныс білдіруде оған мүдделі елдердің күш-жігерін біріктіріп жұмсауды қажет етеді. Қазақстан Республикасы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы тиімділігін арттыруда әскери ынтымақтастықтың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру жұмыстарын жүргізуде зор белсенділік таанытты. Еліміз үшін ШЫҰ-на қатысуы оның геосаяси ұстанымын нығайтуға септігін тигізери сөзсіз. Бұл орайда, Қазақстанның ШЫҰ-на қатысуы, АҚШ және НАТО-ның басқа да елдерімен әскери саладағы ынтымақтастықты кеңейтуі қауіпсіздікке қатер төнетін тұста қосымша әскери-саяси ресурстарды тартуға мүмкіндік береді [8]. ШЫҰ-на мүше мемлекеттердің ынтымақтастығы жөніндегі бағдарламаның белсенді жүзеге асырылуы тәуір мүмкін қауіп-қатерлерге жауабы міндетін атқара алады. Шанхай ынтымақтастық ұйымының терроризмге қарсы «Ақпараттық қауіпсіздік» орталығын құру қажеттілігі туындап отырғаны мәлім. Терроризм, экстремизм, сепаратизм және рухани құндылықтар құнсыздануына қарсы күресте халықтардың жасампаздық әлеуетін жұмылдыру мақсатында ШЫҰ-на мүше-мемлекеттердің бірегей мәдени мұрасын дамыту қажеттілігі айқындалды. ҚР Президенті Қ.Тоқаев 2021 жылды ШЫҰ аясында «Мәдениет жылы» болып жарияланғанын қолдағанын айтқан жөн. ШЫҰ аясында атқарылған іс-шаралардың қатарында экология мәселелері күн тәртібінен түспегенін сенімді түрде айта аламыз. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың: «Біз экологиялық проблемаларды және оның мемлекеттеріміздің әлеуметтік экономикалық дамуы барысындағы теріс салдарын назарда ұстауға міндеттіміз. Сондықтан да, Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше-мемлекеттердің тиісті ведомстволары бұл мәселеде өзара бірлескен іс-әрекетке күш жұмылдырылуы тиіс. Шанхай ынтымақтастық ұйымының экологиялық проблемалары реестрін жасау бұл бағыттағы жұмыстардың жай-күйін тұтас көруге мүмкіндік берер еді. Бұл – шұғыл ұжымдық шешімді талап ететін мәселе» – деген пікірі дәлел бола алады. 2021 жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымының 20 жылдығы аталып өтетінін ескерсек, қазіргі тарихи кезеңде өңірлік және жаһандық проблемаларды шешу аса маңызды.

Бұл орайда, тараптардың сыртқы ашықтық пен ШЫҰ аясын кеңейтуге ұмтылысы ұйым жұмысының тиімділігін арттыруға кепіл бола алады. Қазақстан Республикасы ШЫҰ-ның халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық туралы Меморандумдарға қол қою шешімдерін құптады. Болашақта ұйым қызметі механизмдерін жетілдіруге бағытталған ұсыныстарын есепке ала отырып, жан-жақты талдау ұсынылғанын айта кеткен жөн. Ұйым шеңберінде ымыраласу арқылы мүдделі ынтымақтастыққа қол жеткізу - сынақтар мен сын-қатерлерге қарсы тұруға серпін берері анық.

Сондай-ақ, «Шанхай рухын» нығайту мен ұйымның ортақ міндеттерін шешуде мүше-мемлекеттердің көшбасшылары бірігуі аса маңызды. Ұйымға мүше-мемлекеттер басшылары кеңесінің «Шанхай ынтымақтастық ұйымының 2025 жылға дейінгі даму стратегиясын жүзеге асырудың 2021-2025 жылдар аралығындағы іс-қимыл жоспары» бекітіліп, 2020 жылдың қараша айында өткен Саммит жұмысы нәтижесінде 16 құжатқа қол қойылды. Мемлекет басшысы видеоконференция форматында өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары Кеңесінің отырысына қатысты. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың пікірінше «Шанхай рухы», сондай-ақ қазіргі сын-қатерлерге бірлесіп ұтымды жауап іздеудегі мол тәжірибе, түптеп келгенде, осы ауқымды міндетті шешуге мүмкіндік береді. Қазақстан ортақ күш-жігердің «Бәрі де адам үшін» деген ізгі мақсатқа қол жеткізуге бағытталғанын аса маңызды. Шанхай ынтымақтастық ұйымы Орталық Азия аймағында бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге елеулі ықпал етуде. Соңғы жиырма жылда аймақтық қауіпсіздік мәселесіне баса назар аударылып, өңірдің экономикалық даму қарқыны еселеніп, саяси қарым-қатынасы жақсарғаны белгілі. Бүгінде ШЫҰ-на мүше елдер экономикалық салалардағы әріптестікті нығайтуға зор басымдық беруде. Ұйым аясында экономикалық орталықтың ашылуы – туындаған қаржылық мәселелерді шешуге септігін тигізетіні анық. Бастама 2017 жылы қазақстандықтар тарапынан ұсынылғанын ескерген жөн. Келешекте сараптамалық орталықтың құрылуы мен оны Қазақстанда орналастыру жоспарлануда. Қазақстан Республикасының ұстанған негізгі бағыттарының бірі - өңірдің жалпы дамуы үшін ШЫҰ мен Орталық Азия аймағындағы интеграциялық үрдістердің бірігуі болып табылады. Соңғы жылдарда әріптестік тиімділігі артуы Қазақстан-Қытай-Ресей, Қазақстан-Өзбекстан ынтымақтастығы жетістіктерінен байқалады. Орталық Азия мемлекеттерінің ҚХР-мен ШЫҰ аясындағы ынтымақтастығы аймақтағы тауар айналымы ұлғайып, инвестициялық әлеуетінің артуына жол ашты. Болашақта Бейжін қаласында еркін сауда аймағын құру ұсынылғаны да аймақтағы зор жетістік. Ұйымға мүше-мемлекеттер қауіпсіздікке тек сенімді әріптестік орнату арқылы қол жеткізіп, жаңа үлгідегі іс-шараларды табысты түрде бірлесіп атқаруына тың серпін берері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Китай в мировой политике. – М. РОССПЭН, 2001. – 528 с*

2. Бжезинский З. Великая шахматная доска. – Москва: Международные отношения, 2000. – С.196.
3. . Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2006. – 2 наурыз.
4. Каримов И.А. О национальной государственности, идеологии независимости и правовой культуре. – Ташкент. 1999. – 439 с.
5. Касенов У.Т. Безопасность Центральной Азии: глобальные, региональные и национальные проблемы. – Алматы. 1998. – 280 с.
6. Лукин А. Шанхайская организация сотрудничества: проблемы и перспективы — «Ситуация в Центральной Азии и Шанхайская организация сотрудничества: четвёртая международная конференция – 2004 // Китай (ШИМИ), 2004. – с. 221-246.
7. Сыроежкин К.Л. Взаимоотношения Китая с государствами Центральной Азии // Казахстан-Спектр. - 1999. – № 1(11). С. 86.
8. Трофимов Д. Шанхайский процесс – от «Пятёрки» к «Организации сотрудничества»: итоги 1990-х, проблемы и перспективы развития. // Центральная Азия и Кавказ. – 2002. – №2. – с. 97.